

**ОРМАН ТИПОЛОГИЯСЫ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
ТИПОЛОГИЯ ЛЕСА ВИДЫ И ОСОБЕННОСТИ
FOREST TYPOLOGY TYPES AND FEATURES**

Сайфулла Мұхит Жүнісұлы

Бекболат Нариман Әділұлы

Әлиасқаров Мадияр Матығұл

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.

muhitsaifulla@gmail.com, bekbolatnariman005@gmail.com,

madiyar.aliaskarov.2005@gmail.com

Сайфулла Мухит Жунис

Бекболат Нариман Адил

Алиасқаров Мадияр Матығұл

Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова, г. Кокшетау

muhitsaifulla9410@gmail.com, bekolatnariman005@gmail.com,

madiyar/aliaskarov.@gmail.com

Sayfulla Mukhit Zhunisuly

Bekbolat Nariman Adiluly

Aliaskarov Madiyar Matygul

Sh.Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau

Түйіндеме. Бұл мақалада орман типологиясының негізгі түрлері мен олардың ерекшеліктері қарастырылады. Орман типологиясы – орман экожүйелерін зерттеу, жіктеу және басқару үшін қолданылатын ғылым саласы. Ормандардың экологиялық, биологиялық және географиялық сипаттамаларына қарай топтастырылуы олардың өнімділігі мен биологиялық әртүрлілігін сақтау үшін маңызды рөл атқарады.

Түйін сөздер: Орман типологиясы, экожүйе, климаттық факторлар, топырақ, өсімдіктер, биологиялық әртүрлілік, орман ресурстары, орман, тропикалық орман, антропогендік әсер, экожүйелік қызметтер, орман қорғау, табиғи ресурстар, жіктеу, тұрақты даму.

Аннотация. В статье рассматриваются основные типы лесной типологии и их особенности. Лесная типология – это научная область, которая применяется для изучения, классификации и управления лесными экосистемами. Классификация лесов по экологическим, биологическим и

географическим характеристикам играет важную роль в сохранении их продуктивности и биологического разнообразия.

Ключевые слова: Лесная типология, экосистема, климатические факторы, почва, растения, биологическое разнообразие, лесные ресурсы, лес, тропический лес, антропогенные воздействия, экосистемные функции, охрана лесов, природные ресурсы, классификация, устойчивое развитие.

Annotation. This article examines the main types of forest typology and their features. Forest typology is a scientific field used to study, classify, and manage forest ecosystems. The classification of forests based on ecological, biological, and geographical characteristics plays an important role in maintaining their productivity and biodiversity.

Keywords: Forest typology, ecosystem, climatic factors, soil, plants, biodiversity, forest resources, forest, tropical forest, anthropogenic impact, ecosystem services, forest protection, natural resources, classification, sustainable development.

Орман үлгілері туралы ілім орман шаруашылығын ұтымды әрі дұрыс жүргізуге ғылыми негіз болады. Орман үлгісі ормандағы шаруашылық объектісі болуы тиіс. Орманның белгілі бір үлгісіне қатысты ағаш кесу, табиғи жаңарту, екпеағаш жұмыстары т.б. бойынша шаруашылық іс-шараларының нақты жүйесін әзірлеу қажет.

Климаттық және топырақты жағдайларды ескере отырып, Қазақстан аумағында мынадай орман өсіру аймақтары бөлініп алынады:

- Орманды алқапты аймақ ормандары;
- Алқапты аймақ ормандары;
- Шөлейтті аймақ ормандары;
- Алтай және Сауырдың таулы ормандары;
- Солтүстік Тянь-Шань таулы ормандары;
- Батыс Тянь-Шань таулы ормандары.

Орман өсіретін аймақтар, кіші аймақтар, аудандар шегіндегі аудандастыру және орманекпе ағаш жұмыстарын жобалай орман типологиясы болып табылады [1].

Ғылыми типология негізін қалаушы Г.Ф. Морозов алғашқы болып өсімдіктер типтері туралы оқытылымды ұсынды. Ол орман өсімдіктері типі деп бір үлкен топқа біріктірілген және өсу жағдайларымен біртұтас өсімдіктерді атады. Морозовтың айтуы бойынша орман өсімдіктері типі – бұл климаттық фактормен байланысқан орманшылық – географиялық ұғымның ең төменгі жүйелік сатысы. Морозовтың бұл ойлары Алексеевтің, Воробьевтің, Сукачевтің және тағы басқа да ғалымдардың еңбектерінде өз жалғасын тапты. Погребняк жергілікті өсімдіктер әр түрлілігін анықтайтын топырақтық факторлар деп оны ормандар жүйелеу негізіне қойды.

Топырақтар жағдайлары және ормандар белгілері қарым – қатынасын анықтау үшін Погребняк эдафикалық тор қолданды. Ол тор екі қатардан тұрады: трофогендік, яғни құнарлығы және гигрогендік, яғни ылғалдылығы.

Трофогендік қатардың мүшелері трофотроптар деп аталады, олар қарағай орманы немесе жалпақ жапырақты орман.

Е.В. Алексеев орман жүйелеу жұмыстарында Г.Ф. Морозов, П.П.Серебренников, А.А.Кюрдинердің ілімдерін жалғастыра отырып қолданылма жағынан дамытқан.

Е.В.Алексеев бойынша «орман участогінің типі» ол орман мен алып тұрған жерінің тұтастығы. Ол да жүйелеу негізіне екі ординатаны қолданған, А.А. Кюрденер сияқты, - ылғалдылық және топырақтың механикалық құрамы. Бірақта Е.В.Алексеев топырақты терең зерттеуге талап қояды, өйткені табиғатта тек «емендік» емес «қарағайлық» саздақтар бар.

Е.В. Алексеев жүйелеуі екі нысанды сұлбаға сүйенеді, А. А. Нартов және П.П.Серебренников келісуімен, яғни екі категорияларға бөлу: а) құрғақ алқаптың орман типтері; б) сулы алқаптың орман типтері (шымды батпақтардағы, қарағайлы, қайыңды, шыршалы ормандар). «Құрғақ алқаптағы» орман типтері ормандық саздақтағы қарағайлы, ақ букті, жалпақ жапырақты ормандарға және қара топырақтағы емен орманына бөлінеді.

Сонымен қатар Е.В. Алексеев жалпақ жапырақты орманның климаттық формалары ретінде шамшаттық орманды сипаттайды. Е.В. Алексеев эрозияға ұшыраған, бүлінген, ауыл шаруашылығында ұзақ қолданылған топырақтарда пайда болған ормандарды зерттеп, жаңа көз қарас тудырды және шәйылған саз топырақта қарағай отырғызу керек екенін дәлелдеді. Ол орман типтері топырақтың механикалық құрамымен байланысты екенін айқындады [2].

Орманның жасанды түлеуіне арналған телімдерді жалпы экологиялық бағалау үшін Е.В.Алексеев – П.С.Погребняктың (1-кесте) орман өскіндерінің өсу орнының жағдайлары үлгілерінің жіктемесі барынша оңтайлы болып табылады, онда топырақ құнарлығының екі өзекті факторы – топырақтың құнарлылығы мен ылғалдылығы негізге алған. Бұл екі деректеме эдафикалық, яғни орман телімдері үлгілері жіктемесінің топырақ кестесі негізін құрайды.

Гигротоптар	Трофотоптар			
	А-орманды	В-қосалқы орманды	С-қосалқы жоталы	Д-жоталы
0 – өте құрғақ	А0	В0	С0	Д0
1 – құрғақ	А1	В1	С1	Д1
2 – жас	А2	В2	С2	Д2
3 – ылғал	А3	В3	С3	Д3
4 – сызды	А4	В4	С4	Д4
5 – сулы	А5	В5	С5	Д5

Кесте 1 - Е. В. Алексеев – П. С. Погребняк бойынша өсу орны жағдайлары үлгілерінің жіктеме сілтемесі

Келтірілген схемадағы солдан оңға көлденеңінен А-дан Д-ға дейін топырақтың құнарлылық дәрежесі трофогенді құрай отырып, өсе түседі. Бұл қатарда телім топырағының құнарлылығы бойынша 4 градация болып көрсетілген: А-орманды, В-қосалқы орманды, С-қосалқы жоталы, Д-жоталы, олар тирофотоптар мдеп аталады. Жоғарыдан төменге қарай тігінен гигрогенді қатар құрай отырып, олардың ылғалдылы дәрежесә өсе береді. Бұл қатарда топырақ ылғалдылығының 6 градация бөліп алынған: 0 - өте құрғақ, 1 – құрғақ, 2 – жас, 3 – ылғал, 4 – сызды, 5 – сулы. Бұл топтар гигротоптар деп аталады. Гигротоптар мен трофотоптар қатарларының қиылысы эдатопты құрайды (эдафичиялық немесе топырақты орын), яғни телім үлгісі. Эдатоптардың атаулары трофотоптардың және гигротоптардың тиісті атауларынан қалыптасады. Мысалы: А0 – өте құрғақ орманды, В2 – жас қосалқы орманды, С3 – ылғал қосалқы жоталы т.б. [3].

Осы классификация арқылы орман шаруашылығын жүргізу жеңілдейді. Классификация көмегімен тек орман қоры аумағындағы топырақ құнарлылығы мен ылғалдылығын ғана емес ашық алаңдар жазық далалардың топырақ құрамын бағалауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. А. А. Сүлейменов Орманшылық. Орман шаруашылығы ісі мамандығына арналған Оқу құралы – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2009.
2. С. Б. Байзаков, А. Н. Медведев, С. И. Искаков, Б. М. Муканов Лесные культуры в Казахстане. Учев. Для ВУЗов в двух книгах – Алматы; КазНАУ. Изд-во Агроуниверситет, 2010 г.
3. Е. М. Гиммельфарб Типология лесов и её значение для охраны природы.